



**Солтүстік Қазақстан облысы
Уәлиханов ауданы
Бидайық орта мектебінің даярлық
тобының тәрбиешісі
Катаева Асыл Асқарқызының
сабақ жоспары**

Ұйымдасқан оқу әрекетінің технологиялық картасы.

Бөлім: Сурет


Тақырыбы: Көбелектер.



Мақсаты: Көбелектер суретін салып, түсін бояу, орындалу ретін, субояу не гуашпен жұмыс істеу композициясын жасау. Сурет салудың дәстүрден тыс түрлерін пайдалану.

Керек құралдар: Сурет, қағаз, түрлі-түсті қарындаштар, бояулар, гуаш, шүберек, суқұйғыш т.б

Сабақ әдісі: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрнекілік.

Әрекет кезеңдері:	Тәрбиешінің кезеңі:	Балалардың әрекеті:
Қызығушылығын ояту:	<p>Жұмбақ:</p> <p>Ақпын, сары, көкпін, Түрлі-түрлі көппін. Қанатым бар ұшатын, Гүлге барып қонатын. Бұл жұмбақтың шешуін, Кім бар тез табатын? Ендеше, бүгінгі сабағымыз көбелектер жайында болмақ.</p>	<p>Мұқият жұмбақты тыңдап алу.</p> <p>Жауабын айту.</p> <p>Көбелек.</p>

<p>Ізденістерін ұйымдастырушы:</p>	<p>1. Адам мен көбелек жайында әзірленген шағын әңгімені слайд түрінде тамашалау.</p> <p>- Әңгіме не туралы?</p> <p>-Адам қандай қастандық жасады?</p> <p>-Енді көбелекпен не болмақ?</p> <p>-Осы әңгімеден нені есте сақтау керек екенін білеміз?</p> <p>Дильара өз ойын айтсын?</p> <p>2. Суретін көріп талдау жасау.</p> <div data-bbox="568 1357 935 1527">  </div> <ul style="list-style-type: none"> • Басы; • Денесі; • Аяқтар; • Ек қанаты. <p>- Көбелек туралы не білеміз?</p> <p>Нұрасыл өз ойын айтып берсін?</p>	<p>-Адам мен көбелек.</p> <p>-Қуыршағын көбелектің ерте кесіп жіберді.</p> <p>-Әрине қанаттарын жазып ұша алмайтын, әлсіз болды.</p> <p>Жан-жануарлар, жәндіктер өміріне қорлық жасауға болмайды. Қамқор болу керекпіз.</p> <p>Көбелектер суретін қарап, қандай бөліктерден тұратынын білу.</p> <p>Әдемі, гүлге қонады, ұшады, орамжапыраққа қуыршағын салады, қыста інге не қуыстарға тығылып ұйықтайды.</p>

	<p>3. Қандай түстермен бояуға болады?</p> <p>4. Сурет дәптермен жұмыс.</p> <p>Көбелектер суретін қарындашпен салып алу, қылқалам мен субояуды қолданып бояу.</p> <p>5 Ойын: «Көбелектердегі буындардан сөздер құру»</p> <p>1 баладан шығып көбелектер алу, ондағы әріптерден сөз құрау.</p> <p>Салған суреттерін көрсету.</p>	<p>Қара, ақ, қызыл, сары, көк түстер қолдану.</p> <p>Сурет салу.</p>  <p>Бір-біріне көмек көрсету.</p> <p>Ба-ла, бо-яу, су-рет т,б</p> <p>Жасаған жұмыстарын бір жерге жинау, өз ойларын ортаға салу.</p> 
<p>Рефлексивті түзету:</p>	<p>Бір-бірінің жұмыстарын бағалау.</p> <p>Дильназ саған кімнің салған суреті ұнады?</p>	<p>-Суретті менің ойымша әдемі салған Амина, өйткені</p>

	<i>Жақсы орындағандардын мақтау.</i>	<i>оның көбелектері көзге түседі,әдемі.</i>
--	--------------------------------------	---

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Көбелекті қалай жасауын.

Білді: Көбелек туралы көп мәлімет алды, сурет салғанда, бояғанда тәртіппен шығармай орындау дағдыларын да жақсы меңгере.

Айта орындай алады: Сабақта жұмбақтар шешіп, өздері білетін, естіген көбелектер туралы мәліметтерді түсіндіріп.

